

егемен

Азатстан

Білімнің салтанат құруы: межелі міндеттер, түйінді түйткілдер

Отандық білім беру ісін қайтсек ақаусыз атқарамыз деген ниет осы салаға қатысы бар, тіпті ұрнақ өсірген әр азаматтың көңіл түкпірінде жай жатқан жоқ. Жасындай жарқырап тұр. Бәрекелдісіне жадырап, аттеген-айына түйіндей түйіліп, қалай оңалтуға болады, жолы қайсы, жөні қандай дейді. Бұл толғақты мәселенің түп-тамырын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», деген еді.



Осындай халықтық істі қаузаған алқалы жиын өткен аптада елордада болған еді. «Орта білім беру жүйесінің жай-күйі, проблемалары және заңнамалық реттеу перспективалары» деген тақырыптағы парламенттік тыңдауда осы салаға қатысты көптеген өзекті мәселелер қозғалып, талқыға түсті. Мәселен, Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев орта білім жүйесінде сападан гөрі сандық көрсеткіштерге көбірек көңіл ауып кеткеніне назар аударып келіп, мұғалімдер мәртебесін көтеруге, грант бөлуге, оқулық сапасына қатысты толғақты мәселелер аз еместігіне тоқталған болатын. Адамның бәсекеге қабілетті болуы ұлттың табысты дамуының негізгі факторы екенін айтқан Қ.Тоқаев осы жиында «мүмкін, білім кеңістігіндегі реформалардың үздіксіз жүргізілуін тоқтата тұру керек шығар» деген ойын да ортаға салған еді.

Шынында, қазір еліміздегі білім беру ісі ойға оралғанда «Не істеу керек?» деген сұрақ көлденең шыға беретіні бар. Өйткені білім саласы бойынша реформалардан көз ашпай келеміз. Алдындағы жұмысты түйіндеп болмай, біраз басшылар өз реформасымен келуді әдетке айналдырып алды. Әрине, уақыт талабына сай озық идея, өміршең тірлік керек. Оны ешкім де

жоққа шығара алмайды. Бірақ жоғарыдан жасалып, төмендегілерге жүктелетін тапсырма әсіресе мұғалімдерге ауыр тиеді. Енді төселіп келе жатқанда тағы бірі киіп кетіп жатады. «Бұл қалай?» деп орындаушылар айта алмайды. Айтса жеп отырған нанынан айырылуы мүмкін. Мұғалім мектептің, директордың беделін ойлайды. Директор өзінен жоғарыдан аса алмайды. Білім төмен, тәртіп ақсап жатса да, бәрі жақсы, үлгерім 100 пайыз деп есеп беруі керек. Үлгерімі нашар оқушының болатыны белгілі. Бірақ бәрін үлгерту жөніндегі жасандылық жалықтырмайтын болды. Сондай-ақ «Оқымайтын оқушы жоқ, мұғалім оқыта алмайды» деген қағида шықты. Бұл мұғалім беделін құлдыратпай қайтеді. Мұндай жағдайда білім сапасы туралы не айта аламыз. Сыныптан сыныпқа ойнап жүріп аттайтын бала бас қатырып қайтеді. Мұны да ескеру керек деп білеміз.

Тағы бір айтарымыз, 11 жыл оқып, ҰБТ сынағынан өте алмай қалғандар жоғары оқу орнының дипломын алу үшін бір емес бірнеше рет сынақ тапсыруға мүмкіндік алды. Бұл жастарға қамқорлық па, әлде ақы төлесен ғана оқытатын білім орындарына жасалып отырған жақсы «жағдай» ма? Ата-анасының қалтасын қағып, қатырма қағаз алған жастың сол мамандығына сай ертең жұмысқа орналасу жайы қалай болады? Бұл тәсілді тек кәсіптік білімге, яғни дуалды оқытуға бұрғанымыз жөн тәрізді.

Білім беру саласының басына неге бұлт үйіріле береді? Мұның себебін ел жайын білмей, ертең қалай болады, дайынбыз ба, оқу базасы жеткілікті ме, мұғалім білегін сыбанып отыр ма – осы секілді көп мәселені ескермей, ғылыми негізін қалап, зердеден өткізбей, жылы кабинетте «неге болмасын» деген тұспалдан туған реформалардан іздеген жөн секілді. Өзіміз үлгі тұтатын өркениетті елдерде әлдеқашан орныққан 12 жылдық оқу үрдісіне көшу мемлекетімізде 2008 жылы қолданысқа енуі керек еді.

Ол Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында түйінделіп, үш сатысы айқындалып, «Он екі жылдық білім беруге көшу кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын болады. 2008-2009 оқу жылы бірінші сынып оқушылары жаңа бағдарлама бойынша оқи бастайды. 2009-2010 жылынан бастап 5 және 11-сыныптарды 12 жылдық білім беруге көшіру басталады», деп тайға таңба басқандай көрсетті. Бірақ бағдарлама болғанмен, әзірліктің тиянақсыздығына байланысты 12 жылдық оқу 2010 жылға, одан кейін 2015 жылға, енді 2019 жылға ысырылып отыр. Сөз басында айтылған Сенат тыңдауында халық қалаулылары 12 жылдық білім беретін елдерде оқушылар бір ауысымда оқитынын, бізде екі ауысым былай тұрсын, үш ауысымды жоя алмай отырғанымыз, қалада бұл мәселе тіпті қордаланып бара жатқанын алға тартқан еді.

12 жылдықтың мәні – сауаттылық, оны білу аз, меңгеру қажет дегенге саяды. Сол сауаттылық балабақшадан басталса керек. Мектепке дейінгі мекеменің өзі бәсекеге қабілетті болуға тиіс дейміз. Бірінші сыныптың табалдырығын аттайтын бала сол балабақшадан 100 пайыз дайын болып келуі керек. Айтушылардың сөзіне қарасақ, ол көрсеткіш қазір 100 емес, 70 пайызды құрайтын көрінеді. Бұл әрине ресми дерек. Жаңа оқулық желісі

сыныпқа дайын болып кіретін балаға арналған. Сол оқулықты меңгеру 0 сыныпта (0+11 сынып) екен. Олай болмаған жағдайда ұл мен қыз әріп пен санды толық меңгермей келеді. Осы арада балабақшамен қамтылмаған баланың жайы қалай болмақ? Мұның ішінде қияндағы ауыл баласы да бар. Балабақшада білікті маманның жетіспейтінін де жоққа шығара алмаймыз. Мұндай қиындықтан шығудың жолын іздестірген кейбір білім ұялары өздерінің аумағындағы балаларды конкурс арқылы бірінші сыныпқа қабылдауды жолға қойған. Бұл мектепке тиімді болғанмен, балаға, ата-анаға тиімді бола қоя ма? Оған олардың айтар уәжі білім мекемесі орналасқан аумақтағы баламен мұғалім ерте бастан жұмыс істеуі тиіс екен. Ата-аналарына ескертіп отырулары керек. Бұл арадағы бар салмақ тағы да мұғалімге түседі. Көше аралап, ата-аналарымен жұмыс істеуі тиіс. Кейде мұндай тиімді деген тәсілдің кері жағы болмай қоймайтыны тағы бар. Әлгіндей конкурсқа қатысып, бастарын ауыртқысы келмеген ата-аналар оқушыны үнсіз қабылдай салатын орыс мектебіне бет бұра салуы мүмкін ғой.

Иә, бес күндік оқу аптасы барлығына бірдей болмай, жұртшылықтың түсінбеушілігін тудыруда. Сондықтан да шығар Білім және ғылым министрі Е.Сағадиев Сенаттағы тыңдауда «Бес күндік оқу аптасының нормалары бекітілген. Бірақ мектептің жағдайына және типіне қарай барлығына бірдей енгізу қиын болып тұр» деді. Бұл жұмысты қалай тиімді атқаруға болады деген сұраққа өмірін білім берумен байланыстырған азаматтар асығыс іс деп, алдымен пәндер бойынша негізгі сабақ кестесін анықтап алу керектігін, ал қосымша сабақты өзінше жүргізуді ұсынады. Бұл қазір мектеп басшылары мен мұғалімдерге салмақ түсіріп тұрғанына өкініштерін білдіреді.

Оқулық сапасына сақ болсақ

Оқулық балаға білім беріп қана қоймайды, ол – отандық өнім, ел қауіпсіздігінде стратегиялық мәні бар құрал. Бірақ сол оқулықтың басына әлі бұлт үйіріліп тұрғандай. Оның себебін «Оқулықтарды, оқу әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды өз қаржысына дайындауды қалауынша автор, авторлық ұжым немесе баспа ұйымдастырады» деген сөздерден іздеу керек секілді. Мәселе осы жерде жатыр. Автор қандай адам, білімі мықты ма, тілге жетік пе, ғылымнан, әдістемеден, дәл бүгін балаға сабақ беруден хабары бар ма? Бұл талаптарға жауап болса, оқулық оңалады. Қазіргі оқулық жайлы өршіген әңгіме осы талап үдесінен шықпауда жатқан тәрізді.

Отандық төл оқулықтарымыз 1997 жылы жарық көрді. Содан бері 20 жыл өтті. Бірақ оқулық елдің көңілінен шығар емес. Шықпағаны өз алдына миллиондаған ұл мен қыздың обалына қалып жүрген жоқпыз ба деген ой мазалайды. Оқулық түбегейлі түзелгенше әр жыл сайын мектеп бітіріп, білім табалдырығын алғаш аттағандар қиындығын көріп жүре бермек пе? Ал жоғары оқу орындарының оқулығы тұнып тұрған мәселе. Қалай айтсақ та сапалы оқулық терең білімнің алтын арқауы екені сөзсіз.

Оқулық шығаруды үйлестіріп отыруды да белді бір мекемеге жүктесек артық болмайды. Ондай мекеме тәуелсіздіктің алғашқы жылдары болған. Ол Ыбырай Алтынсарин атындағы Білім академиясы еді. Кеңес дәуірі құрдымға кеткеннен кейін тәуелсіз елдің педагогикалық ілімін ілгері бастырып, ұйымдастырып отыратын ғылыми орталықтың негізін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бұрынғы педогогикалық ғылыми-зерттеу институтының негізінде академия құру керектігін тапсырып, ірге көтергенде тұсауын да өзі кескен еді. Кейін бұл академияның ішіндегі екі институт жойылып, бас-басына билік құратын орталықтар құрылды. Ендігі жерде сол орталықтарды Білім академиясының құрамына қосып, бүкіл білім беру ісі мен тәрбие мәселесін сонда жүйелі ұйымдастырсақ екен.

Ұстаз тұрмысын ұмыт қалдырмайық

Осы мақаланы жазу кезінде Астана қаласындағы екі білім мекемесінде болып, өңірлердегі тілшілерден материалдар жинаған едік. Енді соған тоқталып көрелік. Бірінші, өзіміз болған қала мектептерінің тыныс-тіршілігі жақсы екен. Тәжірибесіне, санатына, сағат санына қарай бір шоғыр ұстаздар 180-200 мың теңгенің үстінде айлық алса, жас мамандар 60 мың теңге, кейде жұмысына қарай 70 мың теңге жалақы еншілейтін көрінеді. Әрине, миллион теңге алатындардың қатарында бұл бір тамшыдай болар. Соның ішіне сынып жетекшісіне 4,5 мың теңге, дәптер тексергенге 3,5-4 мың теңге қосылатынын айта кетейік. Лаборанттар 30-40 мың теңгені, техникалық қызметкерлер мен күзетшілер 30-35 мыңды місе тұтады. Әрине, баспанасы барлар күн көрер, ал пәтер жалдап тұрғандардың тірлігі тығырыққа тірелмейді деп айта алмасaq керек. Мұғалімдердің жетпей жатуы да осыған байланысты екені бесенеден белгілі. Егер қалалық жерде жас мамандар өзіне өзі келіп алғанша, тұра тұратын жатақхана салынса, ауылда да сондай бір шара іске асса, қарайласқан қамқорлық болар еді. Мұндай игілікті істі атқарып жатқан мекемелер елімізде баршылық. Ұстаздарының тірлігін оңалтып барып, білімнің сапасын сұрасақ жарасатын секілді.

Ұтымды әдістемелерді ұлттық тәрбиемен ұштастырсақ



Тағы бір айтарымыз ұлттық тәрбие еді. Сол ұлттық тәрбиені кей тұста білім берудің көлеңкесінде қалдырып алғандаймыз. Содан ба дейміз, оқушылардың арасында жат қылықтардың кейде өршіп кетіп жатқаны. Әл-Фараби бабамыздың тәрбиесіз берген білім құмға құйған сумен тең дегенін жиі айтамыз. Бірақ оны орындау жағы кемшін соғып жатыр. Жалпы, тәрбие мәселесін білім ісімен қатар алып жүріп, қажет

болса, бүкіл жұртты жұмылдыратын стратегиялық бағдарлама түзсек те артық бола қоймас. Себебі бүгінгідей құбылмалы заманда ұрпақты ұстай алмасақ «Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ» (А.Байтұрсынұлы) болып жүрмесін.

Заман ағымына қарай баланы ағылшын тілінде оқыту қолға алынып жатыр. Білім және ғылым министрлігінің дерегіне жүгінсек, 5 мың ұстаз курстан өтетін көрінеді. Сол оқу кезінде талаптанушылар бір айдан бес айға дейінгі аралықта тілді меңгеріп шығуы тиіс. Олардың айлығы сақталып, оқу кезінде қонақүйде тұратын болса керек. Бұл – үлкен жоба. Жоғары сыныптарда төрт пәнді ағылшын тілінде оқыту міндеті және бар. Жоғары оқу орындарында бес жыл бойы әрең меңгерген тілді бес айда біліп шығу оңай бола қояр ма? Терминдерді көңілге түйгенмен, сабақ түсіндіру жағы қалай болады. Әсіресе, жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде екінің бірі жүргізе ала ма? Бұл да бір науқаншылдықтың түрі болып жүрмей ме?

Тіл дегеннен шығады, соңғы жылдары қазақ бауырларымыз өз ұл-қызын орыс сыныбына беретінді әдетке айналдырып бара жатқан секілді. Бұл қалай деген сұрақ әр жерден шаң бере бастады. Осы мәселені «Егемен Қазақстан» газеті (13.09.2017) көтеріп, Астанадағы №84 мектеп-лицейіндегі орыс тілі сыныбының 90 пайызы қаракөз қандастарымыздың ұрпағы екенін қалың жұртқа жеткізді. Қазақ сыныптарында 38 өзге ұлт өкілі оқыса, орыс сыныбында бақандай 336 қазақ баласы партада отыр екен. Ал естіп-білген мына мысалға жүгінер болсақ, елордадағы негізінен өз бауырларымыз шоғырланған жаңа шағын аудандағы №72 мектеп-лицейдің бастауыш сыныптарында, яғни 41 қазақ сыныбында – 1010 бала, 49 орыс сыныбында 1480 бала оқыса, соңғысындағы оқушылардың 80 пайызы өз ұл-қыздарымыз болып шықты. Биыл бірінші сыныпқа 398 бала қабылданыпты. Қазақ сыныбында – 144 бала, орыс сыныбында 254 оқушы оқып жатыр. Орыс сыныптарының негізгі арқауын қазақ балалары құрайды. Өзге ұлт балалары санаулы көрінеді. Бұл қалай деген сұрағымызға тиісті азаматтар бұған кезінде қазақ мектебін бітірген жас ата-аналар барып жатқанын алға тартты. Оларға балаларыңызды қазақ сыныптарына беріңіз деген кезде айтатын уәждері өздерінің қазақ мектебін бітіргенін, содан әлі күнге дейін қиындық көріп жүргендер, енді ондай «қасіретті» ұл-қыздарының басынан өткізгісі келмейді екен. Сонымен қатар, тәуелсіздік алғанымызға ширек ғасырдан асса да Үкімет пен Парламенттің мемлекеттік тілге көше қоймағанына, көптеген мекемелер әлі де ресми тілде сөйлеп, құжат алмасатынына реніштерін білдіретін көрінеді. Орыс тілді ата-аналар болса, қазақ сыныбына балаларын беруге бейімдік танытып, ұрпағының екі тілді меңгеруіне мүдделі екендіктерін айтып, көмек сұрайтынын жеткізеді. Бұған отандық білім ісіндегі әттегенайларда әсер етіп жатпасына кім кепіл. Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру ісі қолға алынып жатыр. Осыны жете түсінбегендер алдағы жағымсыз жайды өршітіп жібермей ме деген ой сананы шырмай береді. Осындай оралымсыздықтың алдын алуды ерте ойластырған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың терең мәні бар мақаласындағы ұлттық идеяны түйсіне алсақ, рухымыз асқақтай түсері анық. Мемлекет басшысы: «Өткен

XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың көнеден жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үрдісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақ тілі мен әдебиеті құрдымға кете жаздады», деген ащы болса да ашық айтқан толғамының астарында қаншама шындық жатыр десеңізші.

Тағы да бір дәйек келтіре кетейік, Астанадағы №22 орыс мектеп-гимназиясында болғанымызда да көңіл жабырқатар жайларға куә болдық. 1700 бала оқитын білім ұясында 3216 бала білім алуда. Биыл бірінші сыныпқа келген 1640 баланың 909-ы қазақ балалары. Мектептегі барлық оқушылардың негізін қазақтың ұл-қыздары құрап отыр. Бір өкінішті жайды естігенде тас тістегендей болдық. Бірінші сыныпты былай қойып, қаладағы қазақ мектептерінде 5, 8, тіпті 10 сыныпта оқып жатқан балаларын ата-аналары орыс тілді білім мекемелеріне беруге ниет таныта бастапты. Ондай ата-аналардың қатарында әжелер мен аталар да аз кездеспейді екен. Бұл қалай дегендерге, олар әртүрлі сылтаулар айтып, қашқақтайтын көрінеді. Бір замандары қазақ мектебі деп едік, енді қазақ мектебінен балаларымыздың ала көңіл етіп ала қашу ұлттық рухымыздың әлсіздігінен бе, әлде басқалай жағдайлар әсер етіп отыр ма? Халқымыз сауатсыз емес, отыра қалған жерде төрткүл дүниені түгендеп әңгіме қозғайды. Соған қарағанда, «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» (Ә.Бөкейхан) деген ақиқат шығар.

Өңірлердегі өрендер қай тілде білім алуда

Енді облыстардағы тілшілерден алған материалдарға кезек берелік: Ақтөбе қаласынан әріптесіміз Темір Құсайын жіберген дерекке ден қойсақ, қазақ балаларының 12,8 пайызы (14429) орыс тілінде оқиды. Ал Қарағандыдағы тілші Мирас Асан қаладағы 78 мектептің 10-ы таза қазақ мектебі де, 57-сі аралас екенін айтып, сол аралас мектептер бастауыш сыныппен шектеліп отырғанына өкінішін білдіреді. «Соның салдарынан 4-сыныпты бітірген оқушылар одан әрі таза қазақ мектебін іздеуге мәжбүр. Үйінің қасында мектеп бола тұра таң атпай қаланың екінші бір түкпіріне сабылу қаншалықты әділетті», дей келіп, «Жалпы бастауыштан соң қазақ сыныптарын таратып жіберу туралы заң тармағы қайда жазылған? Сондықтан білім басқармасы бұл істе бейтараптық танытпауы тиіс. Мұны зерттеп бастауышпен ғана қазақ тілінде сыныптар шығарумен шектелетін мектептерде ана тіліміздегі сыныптардың жалғасуына қандай да бір қарекет жасауы қажет» депті. Орынды пікір сол секілді Қостанай облысындағы Нәзира Жәрімбет ата-ананың айтқан уәжін, мектеп директорының түйткілін жіберіпті.

«Менің қызым Жәмила Сейтханова Қостанай қаласындағы М.Горький атындағы орыс тілінде білім беретін гимназияның 1-ші сыныбына барды», деген ата-ана Балжан Медебаева «Тесттен қызым орыс мектебіне де, қазақ

мектебіне де өткен болатын. Біз орыс мектебін таңдадық. Бұл таңдау кезінде әбден ойландым, көптеген ата-аналардың, мұғалімдердің пікірлерін тыңдадым, бірақ орыс мектебін қаладым. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, қазақ тілінде білім беретін мектептер ұлттық тәрбиеге, қазақ тілін үйренуге басымдық береді, олар жалпы базалық білім беруді кейінгі орынға қояды. Өйткені балалар бірінші сыныпқа ешқандай дайындықсыз, қазақ тілін білмей келеді. Барлық кемшілік балабақшадан кетеді. Өйткені, қазақша балабақшалар балаға жеткілікті тіл үйретпейді, дұрыс дайындамайды. Бүлдіршіндердің барлығы орысша сөйлеп жүреді. Балабақшаға бір-екі орыс баласын алып келсе, соған мәз болады. Ал шын мәнісінде екі орыс бала келсе, олар балабақшадағы бар баланы бүлдіреді, олар әлгі екі баламен орысша сөйлесіп кетеді. Тілдік органың жұтандығы балабақшадан басталатыны ақиқат», дейді. Ол сондай-ақ қызы барған Горький атындағы гимназия облыстағы ең үздік мектептердің бірі екенін және Мәскеудің жетекші университеттерінің бағдарламасымен жұмыс істейтінін айтыпты. Ресей университеттерінде шетелдік студенттерге арналған гранттар бар. Олар барлық елдерден талапты, дарынды түлектерді жинау үшін Қазақстанның мектептерімен де жұмыс істейді, оның ішінде Қостанайдағы гимназиямен де ұзақ жылдан бері байланыс жасап келеді. Гимназияда білім деңгейі өте жоғары, мәскеулік университет ғалымдары мектепке келіп, семинарлар өткізіп тұрады. Оқушыларды тестілеуден өткізеді. Осы гимназияда оқитын барлық орыс балалары ертең Ресейде оқуға дайындалады. Ресей жоғары оқулары Қостанайда осы гимназия мен физика-математика лицейінің түлектерін қуана алады. Бұған не деуге болады?

Ауылдағы қазақ мектептері неге мұқтаж?

Амангелді ауданындағы А.Нұрманов атындағы орта мектеп директоры Қуандық Шоғалов ауыл мектебінде ең алдымен материалдық база әлсіз екенін айтады. «Мысалы, ауыл баласы интернетті пайдалана алмайды десем болады. Интернеттің жылдамдығы жоқ, компьютер жетіспейді. Қала мектептерімен салыстырғанда бұл жөнінен ауыл баласы тым артта қалып келеді. Екіншіден, шалғайдағы ауыл мектептері кадр, мұғалім тапшылығын көріп отыр. Мысалы, Амангелді ауданындағы мектептердің ешқайсысы да бұл өзекті мәселелерден тыс тұрған жоқ деп айта аламын.

Біздің мектепте математика пәні мұғалімі жоқ. Төрт жылдан бері Арқалық педагогика институтының студенттері келіп сабақ береді. Ағылшын тілінің мұғалімі жетіспейді. Үшіншіден, мұғалімдерді қос мамандыққа дайындау тоқтады. Олар шағын жинақталған мектептер үшін ауадай керек еді. Ауылға жас мұғалімдер келмейді. Грантпен түскен студенттер диплом алған соң, ауылда 2-3 жыл жұмыс істесе дұрыс болар еді, бірақ ол да сақталып отырған жоқ. Төртіншіден, бес күндік оқу кестесі ауыл мектептері үшін өте қолайсыз. Өйткені, бала таңертеңгі 8-ден 3-ке дейін оқиды. Балалардың қарны ашады. Ауылда 3-4 баласы мектепте оқитын көп балалы отбасылар бар. Мектептен тамақ ішу үшін әр балаға кемінде 100 теңге керек.

Ата-ана төрт балаға күн сайын 400 теңгені қалай тауып береді? Ауылда ай сайын айлық алып отыратын жұмыс та жоқ қой? Бес күндік оқу өзі жетпей жатқан мұғалімдер үшін де қолайсыз. Тағы бір түйткіл – қыс айларында таңертең үйден ерте шығу балаға қиын. Қаладағыдай автобуспен жүрмейді. Ауылдың жағдайын, ауыл мектебінің жайын ешқандай ескерілместен өзгерістер жасала беретіні қалай?» дейді.

Бұл отандық білім ісінің кей тұстағы сөз бен жұмысының үйлеспейтінін көрсетсек керек. Бұған жергілікті жерден жететін бәрі «керемет» делінетін, өрге төмен ағылып жататын ақпараттар, «кем-кетігіміз жоқ, арасында сәл ғана» деп көсіле сөйлейтіндер де аз «үлес» қосып жүрген жоқ па дейміз. Сонымен, білім беру ісі ақаусыз ақиқат пен тәрбиеге тәуелді болып тұр. Ана ғасырда: «Әр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс, әйтпегенде болашақ ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз. Кейінгі ұрпақ не алғыс, не қарғыс беретін алдымызда зор шарттар бар», деп еді-ау Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан. Осыны ұлт болып, жұрт болып ұқсақ өзіміз де, ұрпағымыз да ұтыла қоймас.

Сүлеймен МӘМЕТ, «Егемен Қазақстан»